

Қамқоршылар кеңестің отырысы
Хаттамасы №1

Күні: 03.03.25

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. 2024-2025 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес мүшелерінің жаңа құрамын бекту / Д.Жолдасова
2. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің төрайымын, хатшысын сайлау

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Д.Жолдасова сөйледі: Білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды. Қамқоршылық кеңестің құрамы Қамқоршылық кеңеске мүше болуға үміткерлердің жазбаша келісімімен алынған ұсыныстардың негізінде қалыптастырылады және тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган ұсыныстарды қабылдау аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде бекітеді. Қамқоршылық кеңестің құрамына мыналар кіреді:

- 1) жергілікті өкілдік, атқарушы және құқық қорғау органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің өкілдері;
- 3) коммерциялық емес ұйымдардың өкілдері (бар болса);
- 4) ата-аналар комитеті ұсынған әрбір параллель сыныптан, курстан сол білім беру ұйымында білім алушылардың бір ата-анасы немесе заңды өкілі;
- 5) қайырымдылық жасаушылар (бар болса).

Білім беру ұйымының жанынан құрылған Қамқоршылық кеңес отырысына осы білім беру ұйымының басшысы немесе оның орынбасары катысады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің саны так, бір-бірімен және сол білім беру ұйымының басшысымен ешқандай туыстық және жекжаттық қатынасы жоқ кемінде тоғыз адамнан құрылады. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды. Қамқоршылық кеңес мүшелері сол білім беру ұйымы қызметкерлерінің штатына кірмейді.

ҚР Білім және ғылым министрінің 27.07.2017 ж. №355 және білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңесінің үлгілік қағидаларының 1-таруының, 6-тармағына сәйкес, Қарағанды облысы білім басқармасының «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ 2023 жылғы 08 қараша №549 бұйрығына өзгерістер енгізіліп, Қамқоршылық кеңесінің 2022-2023 жылғы құрамы таратылды. Қарағанды облысы білім басқармасының «Балқаш қаласының білім бөлімі» ММ 2025 жылғы 28 ақпандағы №147-1 бұйрығымен, Білім беру ұйымдарының Қамқоршылық кеңестерінің құрамы кандидаттарынан алынған ұсыныстары мен өтініші негізінде 2025-2028 жылдарға қайта сайланып отыр.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің мүшесі Р.Абылай сөйледі: Балқаш қаласының Білім бөлімінің 28.02.2025 жылғы №147-1 бұйрығына сәйкес Қамқоршылық кеңесінің құрамына берген ұсыныстары мен өтініші негізінде 11 ата-ана сайланды. Олар: Тлеубекова Гульшат Бахытовна, Такабаева Айжан Жанатовна, Ансабай Айман Альфредовна, Төлеубасов Мейр Канатович, Шакирова Айнагүл Төлеугазиевна, Токишева Дарья Батырхановна, Ербосынова Аргүл, Абылай Роза, Чиякова Анар Айткалиевна, Талапов Асхат Болатович. Қамқоршылық кеңестің құрамы Абдирова Айгүл Темиргалиева, қамқоршылық кеңесінің төрайымы етіп сайлауға, директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Сағимбекованы хатшы ретінде тағайындауға ұсынды. Абдирова Айгүл Темиргалиева келісімін беріп қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру тәртібімен танысты. Қамқоршылық кеңесінің құрамы бір ауыздан келісетіндіктерін айтты. Күн

Қаулы етті:

1. Қамқоршылық кеңес құрамына ұсынылған тұлғалар кеңес мүшелігіне сайлансын.
2. 2025-2028 жылдар аралығына Қамқоршылық кеңестің төрайымы болып Абдирова Айгуль Темиргалиева, хатшысы болып Д.Сагимбекова тағайындалсын

Қамқоршылық кеңес мүшесінің төрайымы:



Абдирова А.Т.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

Тлеубекова Г. 

Такабаева А. 

Ансабай А. 

Токишева Д. 

Талапов А. 

Толеубаев М. 

Шакирова А. 

Чиякова А. 

Абылай Р. 

Ербосынова А. 

Хатшы



Сагимбекова Д.